ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 24 акпан № 5501-25-00-2/3411 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалықетуші судья А.Т. Ищанов
сот отырысының хатшысы А.Е. Наурызбаева жанында
ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«МАХАШ» Махашев Дәулетбек Ширынтайұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

СОТҚА ҚАТЫСТЫ:
прокурор С.С.Жакубаева
талапкердің өкілі Д.Ш. Махашев
жауапкердің өкілі И.Д.Джанин

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 29 мамырда тараптар № 217 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасты.

Шарт талаптарына сәйкес жауапкер 10 дана мөлшерінде металл қаңқалы, матамен қапталған, реттелетін кеңсе креслосын жеткізуге міндеттенді.

Шарт сомасы 378 900 теңгені құрады.

Жеткізу мерзімі шарт жасалған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде белгіленген.

2025 жылғы 18 шілдеде тауардың сәйкессіздігі туралы акт жасалды. Атап айтқанда, креслоның ені 66,5 см орнына 57 см болған, шынтақ тіректері классикалық хромдалған болуы тиіс болса, жеткізілгені металл, хромдалмаған, сәйкестік сертификаты қоса тіркелмеген.

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 02.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 03.04.2026, судья Ищанов А. Т., 07.04.2026
5501-25-3-6/157

2025 жылғы 31 шілдеде жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шарт бұзылды.

Шарт орындалмағандықтан, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 16 293 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 29 тамыздағы қысқаша шешімімен талап ішінара қанағаттандырылды.

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 1 желтоқсандағы ұйғарымымен жауапкердің өтініші бойынша сот шешімі күшін жойды.

Жауапкер талап қоюға қатысты пікір (қарсылық) ұсынған жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Джанин И.Д. талапты қолдады. Оның түсіндіруі бойынша жауапкер тауарды ауыстыруды жүзеге асырмаған.

ЖК Махашов Д.Ш. барлық мән-жайларды білмейтінін түсіндірді, себебі шартпен оның қызы айналысқан.

Іс бойынша қатысқан прокурор Жакубаева С.С. талапты қанағаттандыру қажеттігі туралы қорытынды берді.

Іс материалдарын зерделеп, тараптардың түсініктемелерін тыңдап, сот мынадай қорытындыға келеді.

<u>ҰӘЖДЕМЕЛІК БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі — АК) 272–273-баптарына сәйкес міндеттеме міндеттеме шарттарына және заңнама талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның талаптарын біржақты өзгертуге, заңнамада немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

АК-нің 349–350-баптарында көрсетілгендей, міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышкер заңда көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылады кредитордың талабы бойынша өндіріледі. Міндеттемені бұзған борышкер бұзушылықтан келтірілген залалды кредиторға өтеуге міндетті.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Заң) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған жеткізушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 1.1-тармағына сәйкес Жеткізуші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларда көрсетілген талаптарға, шарттарға және бағаларға сәйкес Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Жеткізуші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды қабылдауға және оның ақысын төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 2.3-тармағына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем Тараптар Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей Тапсырыс берушінің Жеткізушінің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аударуы арқылы жүргізіледі.

Аталған актінің болмауы жауапкердің шартты орындамағанын көрсетеді.

Құжатқолқойылған: Ицаева А.Т., 02.03.2026
5501-25-3-6/157

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағында, олармен жасалған мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жеткізушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы талаптарды қарау кезінде, соттар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде жеткізушінің кінәсін, сондай-ақ Азаматтық процестік кодекстің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен парасаттылық өлшемдеріне сүйене отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған теріс салдарды ескеруі қажет екені түсіндірілген.

Теріс салдар деп шарт тарапының өзіне келтірілген залалдың салдарынан шарт жасасу кезінде құқылы түрде күткен нәтижеден едәуір дәрежеде айырылып қалуын түсіну қажет (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 401-бабының 2-тармағы).

Талап қоюшы қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тауарды алмаған, бұл теріс салдар болып табылады.

№2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 293-бабына сәйкес тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) деп заңнамамен немесе шартпен белгіленген, міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, атап айтқанда орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, борышкер кредиторға төлеуге міндетті ақша сомасы танылады. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап бойынша кредитор өзіне залал келтірілгенін дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін (міндеттемелер толық орындалмаған жағдайда) тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалатыны (өндіретіні) не орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалатыны (өндіретіні) көзделген. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 15%-ынан аспауға тиіс.

2025 жылғы 19 маусымнан 31 шілдеге дейінгі 43 күн кешіктіру үшін тұрақсыздық айыбының мөлшері 16 293 теңгені құрады.

378 900 : 100 × 0,1% × 43 күн = 16 293 теңге.

Талап қою мерзімі өткізіп алынбаған, себебі ол шарт бұзылған сәттен бастап есептеле бастады.

Жауапкерден талап қоюшының пайдасына 489 теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж шығындары өндірілуге тиіс.

Сондай-ақ жауапкерден мемлекет кірісіне талап қоюшы заң бойынша төлеуден босатылған 2 162 теңге мөлшеріндегі мемлекет

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Заңды күшіне енген күні: 03.04.2026, судья Ищанов А. Т., 07.04.2026

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «МАХАШ» Махашев Дәулетбек Ширынтайұлы жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты қанағаттандырылсын.

«МАХАШ» Махашев Дәулетбек Ширынтайұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «МАХАШ» Махашев Дәулетбек Ширынтайұлы жеке кәсіпкерінен 16 293 (он алты мың екі жүз тоқсан үш) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы, мемлекеттік бажды толеу бойынша 489 (төрт жүз сексен тоғыз) теңге мөлшерінде шығыстар өндіріп алынсын.

«МАХАШ» Махашев Дәулетбек Ширынтайұлы жеке кәсіпкерінен мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды 2 162 (екі мың жүз алпыс екі) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым және (немесе) АІЖК-нің 403, 404-бабының талаптарын сақтай отырып, прокурордың өтінішхаты Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар апелляциялық шағым бере алады шешімнің көшірмесін оларға жіберген күні.

Судья **А.Т. Ищанов**

Копия верна.
Судья А.Т. Ищанов

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 02.03.2026

Прошито и пронумеровано
на _____ листах
Судья _____ Ищанов А.Т.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2026 жылғы 10 сәуір № 5501-25-00-2/3411 іс город Павлодар

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты
төрағалық етуші судья А.Т. Ищанов
талап бойнышаң іс тіземдемені түзету туралы мәселені қарағаннан кейін

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«МАХАШ АТА» Махашев Дәулетбек Ширынтайұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ОПИСАТЕЛЬНАЯ ЧАСТЬ:

2026 жылғы 24 ақпандағы сот шешімімен жауакпер мемлекеттік сатып алудын жолсықсыз қатысушысы болып танылды Сонымен қатар шешімнің мәтіні бойныша жауапкердің атауы дұрыс көрсетілмеген.

МОТИВИРОВОЧНАЯ ЧАСТЬ:

АІЖК-нің 235 бабына сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 235 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

МАХАШ АТА ЖК бойынша тиісті жаупке болы саналсын.
Калған бәлігінде сот шешімі өзгеріссіз қалады.
Ұйғарымға тараптар ұйғарымның түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Павлодар облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі аппеляциялық сатыдағы сотқа жеке шағым беруі, прокурордың өтінішхаты келтіруі мүмкін.

Судья **А.Т.Ищанов**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 10.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Ишанов А. Т., 10.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»